**"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 мамырда № 18678 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 № ҚР ДСМ – 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 88-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15724 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 9 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдардың тізбесі бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдардың тізбесі бекітілсін";

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24. | E84 | Кистозды фиброз (Муковисцидоз) | Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар | Ауырлық дәрежесіне қарамастан барлық түрі | Дорназа альфа, ингаляцияларға арналған ерітінді | R05CB13 |
| | | | | | Панкреатин, капсула | A09AA02 |
| | | | | | Колистиметат натрийі, инъекция мен инфузияға арналған ерітінді дайындайтын ұнтақ | J01XB01 |
| | | | | | Тобрамицин, капсулада ингаляцияға арналған ұнтақ | J01GB01 |

";

реттік нөмірлері 35 және 36 -жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Пиридоксин, инъекцияларға арналған ерітінді | A11HA02 |
| | | | | | Амоксициллин-клавулан қышқылы, таблетка, ішкізу арқылы қолданылатын ерітінді дайындауға арналған ұнтақ | J01CR02 |
| | | | | | Кларитромицин, таблетка | J01FA09 |
| | | | | | Стрептомицин, бұлшықет ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ | J01GA01 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 35. | A15 - A19 | Туберкулез | Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар | Қарқынды және қолдаушы фаза | Канамицин, инъекциялар үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ | J01GB04 |
| | | | | | Амикацин, инъекцияларға арналған ерітінді, инъекциялар үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ | J01GB06 |
| | | | | | Левофлоксацин, таблетка | J01MA12 |
| | | | | | Моксифлоксацин, | J01MA14 |
| | | | | | Аминосалицил қышқылы және оның туындылары, таблетка, түйіршіктер, ішке қабылдауға ерітінді дайындау үшін дозаланған ұнтақ | J04AA01 |
| | | | | | Циклосерин, капсула | J04AB01 |
| | | | | | Рифампицин, капсула | J04AB02 |
| | | | | | Капреомицин, инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ | J04AB30 |
| | | | | | Изониазид, таблетка, шәрбат, инъекцияларға арналған ерітінді | J04AC01 |
| | | | | | Протионамид, таблетка | J04AD01 |
| | | | | | Пиразинамид, таблетка | J04AK01 |
| | | | | | Этамбутол, инъекцияларға арналған ерітінді, таблетка | J04AK02 |
| | | | | | Рифампицин+Изониазид+ Пиразинамид+Этамбутол, таблетка, | J04AM06 |
| | | | | | Рифампицин+Изониазид, таблетка | J04AM02 |
| | | | | | Клофазимин, капсула | J04BA01 |
| | | | | | Линезолид, таблетка | J01XX08 |
| | | | | | Бедаквилин, таблетка | J04AK05 |
| | | | | | Деламанид, таблетка | J04AK06 |
| 36. | B20 - B24 | АИТВ инфекциясы | Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар. Диспансерлік еесепте ұрған балалар 18 жасқа толғанға | Антиретровирустық терапияның схемасына сәйкес, оның ішінде жүкті әйелдер мен АИТВ жұқтырған аналардан туған балалардың профилактикасы үшін барлық сатылар мен дәрежелер. | Дарунавир, таблетка | J05AE10 |
| | | | | | Тенофовир, таблетка | J05AF07 |
| | | | | | Ламивудин, таблетка, ішкізу арқылы қолданатын ерітінді | J05AF05 |
| | | | | | Абакавир, таблетка; ішкізу арқылы қолданатын ерітінді | J05AF06 |
| | | | | | Зидовудин, капсула, ішке қабылдау үшін ерітінді | J05AF01 |
| | | | | | Невирапин, таблетка, ауыз арқылы қолданылатын суспензия | J05AG01 |
| | | | | | Эфавиренз, таблетка, капсула | J05AG03 |
| | | | | | Эмтрицитабин+Тенофовир, таблетка | J05AR03 |
| | | | | | Этравирин, таблетка | J05AG04 |
| | | | | | Зидовудин+Ламивудин, таблетка, | J05AR01 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дейін бір өндірушінің дәрілік препараттарын қолданады | Диспансерлік есепте тұрған балалар 18 жасқа келгенге дейін бір өнім шығарушының дәрілік препараттарын қабылдайды | Лопинавир+Ритонавир, таблетка, ішке қабылдау үшін қолданатын ерітінді | J05AR10 |
| | | | | | Абакавир+Ламивудин, таблетка | J05AR02 |
| | | | | | Абакавир+Ламивудин+Зидовудин, таблетка | J05AR04 |
| | | | | | Эмтрицитабин+Тенофовир+ Эфавиренз, таблетка | J05AR06 |
| | | | | | Долутегравир, таблетка | J05AX12 |
| | | | | | Абакавир-Ламивудин-Долутегравир , таблетка | J05AR13 |
| | | | | | Дарунавир – Комбицистат, таблетка | J05AR14 |
| | | | | | Эмтрицитабин – Рилпивирин – Тенофовир, таблетка | J05AR06 |

";

"

| | |
|---|---|
| Медициналық мақсаттағы бұйымдар | |

"

деген жол;

мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | |
|---|---|
| Медициналық бұйымдар | |

".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдерінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 19 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК